

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



Ғылыми кеңесінің мәжілісінде
қайта қаралып, өзгеріспен
бекітілді
№ 1 хаттама, 2.09.2024 ж.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

ШЫМКЕНТ- 2024

1 Академиялық адалдықтың қағидаттары

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- 1) академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;
- 2) жоғары әдеп құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділетті және объективті қағидаларын бекіту;
- 3) басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігін және рәсімін анықтау жолымен білім алушының жүйелі әрі үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;
- 4) академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тұлға ретінде оқытушыға құрмет көрсету;
- 5) академиялық адалдықты қалыптастыру арқылы білім беру процесінде қатысушылардың белсенділігін арттыру және ынталандыру;
- 6) оқытушы пәннің саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды нақты анықтауы;
- 7) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда оқытушы бағалау саясатының нақты өлшемдерін ұсынуы;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;
- 9) білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық ұждансыздықты көрсетуді алдын-алуға көмектесетін академиялық орта жасау.

2. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

Академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері қарастырылады:

Сыбайласу - кез келген бағаланатын жұмысты өзге білім алушылар үшін орындау, бағаланатын жұмысты орындауда және оны оқытушыға тапсыру процесінде үшінші тұлғалардың (достарының, ата-аналарының, репетитордың, білім алушыға дәріс бермейтін өзге оқытушылардың, қызметкерлердің) көмек көрсетуі.

Бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу:

- бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде жауаптарды беру;
- бағаланатын жұмыстардың жауаптарын өткізілетін мерзімінен бұрын білім алушы, оқытушы немесе оқытушыға теңестірілген тұлғаның көмегі арқылы алу;
- бағаланатын жұмыстарды өзінің жұмысы ретінде көрсетуі үшін оларды сатып алу немесе өзге жолдармен қол жеткізу;
- бағаланатын жұмыстарды дайын күйінде сату немесе сатып алуға көмектесу;

Алдау:

- бағаланатын жұмысты басқа білім алушылардан көшіріп алу;
- бағаланған жұмысты қайта көрсету немесе өткізу;
- уақытында орындамаған бағаланатын жұмыс үшін жалған ақталу;

- топтық жұмыс қарастырылмаған жағдайда бағаланатын жұмысты екі не одан да көп білім алушылардың орындауы;

- басқа білім алушыларға саналы түрде көмек көрсету, өзінің бағаланатын жұмысынан оған көшіріп алуға мүмкіндік беру;

- басқалардың бағаланатын жұмысын өзінің меншігі ретінде көрсету;

Плагиат - басқа дерек көздерінен алынған материалды авторлық құптаусыз немесе дереккөздерді көрсетпей жартылай немесе толық иемдену.

Плагиат түрлі формада көрінуі ықтимал:

- дәйексөздерге арнайы пунктуациялық (тырнақшалар) таңбаларды қолданбау немесе дерек көздерін көрсетпеу;

- ақпарат көздерін көрсетпестен ақпаратты өзгертіп жазу;

- басқа біреудің идеясын немесе аргументін авторға сілтеме жасамастан қолдану;

- толық немесе жартылай басқа білім алушының орындаған жазбаша жұмысын ұсыну;

- интернеттен алынған курстық немесе дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны ұсыну;

- басқа курс үшін тапсырма ретінде орындалған курстық жұмысты ұсыну.

Ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану:

- қағаз, электронды, цифрлы тасмалдағыштардағы ақпаратты, техникалық құрылғыларды оқытушылардың рұқсатынсыз бақылау жұмыстарын, қорытынды (ауызша, жазбаша, тестілеу) және межелік бақылау тапсыру кезінде пайдалану;

- бағаланатын жұмысқа қатысты кез келген жауаптарды электронды пошта, компьютер және т.б. жолмен көшіру;

- бағаланатын жұмыстарға қатысты материалдарды профессор-оқытушылардың кабинеттерінен немесе компьютерлерінен қағаз не электронды тасымалдаушы құралдар көмегімен алып кету.

Академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтың тізімі осымен шектелмейді, қажеттілікке қарай толықтырылып отырады.

3. Жауапкершілік

3.1 Білім беру процесіне қатысушылар академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуына моральды жауап беретіндіктерін есте сақтауға міндетті.

Университет басшылары, ОПК, көмекші қызметкерлер және білім алушылар академиялық адалдықтың бұзылуына жол бермеуге жауапты.

Оқытушылар білім алушылардың жұмыстары арнайы плагиат бағдарламаларының көмегімен тексеруден өтетіндігі туралы ақпаратпен хабардар етуі тиіс.

Кітапханашылар білім алушылар мен оқытушыларға жұмыс барысында қолданылатын ресурстарға, библиографияларға, кітаптарға, журналдарға, интернет-сайттарда көрсетілген сілтемелерге қатысты мәліметтермен қамтамасыз етеді.

3.2 Студентке қолданылатын жауапкершілік түрлері:

- 1) ауызша ескерту;
- 2) жұмысты немесе жұмысқа қойылған бағаны жою;
- 3) бағаланған жұмыстарды// жобаларды (курстық жұмыс, дипломдық, диссертациялық жұмыс) қорғауға жібермеу;
- 4) қажет болған жағдайда жасалынған құқық бұзушылықты көпшілік алдында айыптау;
- 5) оқудан шығару.

3.3 Профессорлар құрамы мен университет қызметкерлерінің Академиялық адалдық саясатын бұзуы ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, ал аса ауыр бұзушылықтар үшін жұмыстан шығаруды қамтитын ықпал ету шараларымен тәртіптік жазаға әкеп соғады.

4. Ережені бұзған жайдайда шара қолдану тәртібі

Академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтар келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

- ағымдық, межелік бағалау жұмыстарын өткізу кезінде;
- қорытынды бағалауды өткізу кезінде;
- бағаланатын жазбаша жұмыстарын (эссе, курстық жұмыс, реферат, дипломдық жұмыс(жоба), магистрлік диссертация (жоба), докторлық диссертация) орындау кезінде.

5. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі (ағымдық, межелік және қорытынды бағалауда) сыбайласу, алдау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу және ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталса:

1) уәкілетті тұлғалар (пән оқытушысы, кезекші оқытушылар, «Таза сессия» штабы мүшелері немесе емтихан комиссиясының мүшелері) бекітілген форма негізінде Ережені бұзғандығы туралы акт жасалынады және бағалары жойылады;

2) білім алушыларға академиялық адалдықты бұзғаны туралы актілердің көшірмелері Тіркеу офісіне, факультет декандарына (ЖООКБИ басшысына) жұмыс жасау үшін өткізіледі. Факультет декандары (ЖООКБИ басшысы) білім алушылардың тәртібін факультет кеңесінде қарап, хаттама толтырады.

3). Емтихан кезінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болып табылады.

6. Білім алушылар бағаланатын жазбаша жұмыстарын (эссе, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс (жоба)) орындау кезінде плагиат анықталса:

1) білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын (эссе, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік диссертация (жоба), докторлық диссертация) орындау кезінде плагиат анықталса, онда жұмыс қорғауға жіберілмей қайтарылады;

2) жазба жұмыстарын плагиаттан өткізу ережесіне сәйкес білім алушылар жазбаша жұмыстарындағы плагиаттарды жойып қайта орындап келген жағдайда жұмыс қорғауға жіберіледі, бұл шартты орындамаған жағдайда «жұмыс орындалмады» деп есептеледі.

7. Тестілеу түріндегі емтиханның барысындағы академиялық адалдықтың бұзылуын анқытау және шара қолдану:

Емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін екі апта ішінде тестілеу орталығы тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады. Тестілеу барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны туралы, бөгде тұлғалар араласуға әрекеттенгені туралы актіні және басқа да университеттің академиялық адалдық саясатын бұзғаны туралы актіні растайтын материалдар университет басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен тестілеу нәтижелері (тестілуден жинаған емтихан балдары), сондай-ақ стипендия тағайындалған бұйрықтар университет басшысының бұйрығымен жойылады. Академиялық адалдық саясатын бұзған ОПК, қызметкерлер және білім алушыларға шара қолданылады.

Тестілеу процесінің бейнебақылау жазбаларының сақталуын және толықтығын, сондай-ақ бейнежазбалардың түсірілуін және тестілеу орталығына бейнежазбаларды жібергеннен кейін бейнежазбалардың көшірмелерін күнтізбелік жыл ішінде сақталуын IT департаменті қамтамасыз етеді.

7.4. Білім алушылардың бағаланатын жұмыстарды орындауы кезінде паракорлық, алдау, деректерді бұрмалау, курстық, дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны сату немесе сатып алу анықталған жағдайда оқытушыларды немесе қызметкерлерді жұмыстан босатуға, ал білім алушыларды оқудан шығаруға дейін тәртіптік жаза қолданылады.

7.5. Білім алушылар жіберетін академиялық адалдықтың барлық бұзушылықтары комиссияның отырыстарында қаралады.

7.6. Емтихан кезінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болып табылады.

8. Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерінің міндеттері мен құқықтары

8.1 Білім алушылар міндетті:

- 1) академиялық адалдық ережесімен танысуға және оны бұзудың салдарын білуге;
- 2) этикалық стандарттарды қабылдауға және оларды қатаң сақтауға;
- 3) бақылау іс-шараларын орындау кезінде академиялық адалдықты мүлтіксіз сақтауға;
- 4) білім беру барысында берілген тапсырмаларды орындауға;
- 5) сенімді ақпарат көздерін пайдалануға;
- 6) өзгенің интеллектуалдық меншігін пайдалануға қатысты негізгі қағидаларды сақтау мен құрметтеуге;
- 7) бағаланатын тапсырмалардың барлық түрін орындауда университеттің академиялық адалдық саясатына қайшы келмеуге;
- 8) университеттің академиялық адалдық саясатында көрсетілген талаптарды қатаң сақтауға.

8.2. Білім алушылардың құқығы:

- 1) академиялық адалдық ережесімен танысу;
- 2) оқу процесінде өз ойын этикалық және әдеп нормаларын сақтай отырып жеткізу;
- 3) академиялық адалдық ережесін бұзғаны үшін негізсіз айыпталудан барлық заңды тәсілдермен қорғану;
- 4) ОПК тарапынан заңсыз (сыбайлас жемқорлық белгілері) әрекеттері болғанда университет қызметкерлері мен басшылығына және университеттің комплаенс-офицеріне өз құқығын қамтамасыз ету үшін заңды көмекке жүгіну;
- 5) білім сапасын арттыру мақсатында өтініш білдіру.

8.3 Білім беруді жүзеге асыратын қызметкерлер мен ОПК міндетті:

- 1) оқу процесі барысында университеттің академиялық адалдық саясатымен танысуға және оны қатаң сақтауға;
- 2) білім беру барысында этикалық және әдеп нормаларын сақтауға;
- 3) оқу процесінің барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде әділ баға беруге;
- 4) білім беру барысында қолданылатын университеттің және өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауға;
- 5) оқу процесінің барысында заңсыз (сыбайлас жемқорлық белгілері бар) әрекеттер болғанда тез арада тікелей университет басшылығына немесе комплаенс-офицерге хабар беруге;
- 6) университеттің әдеп Кеңесі ережелерінде көрсетілген талаптарды қатаң сақтауға;
- 7) білім алушыларға оқу процесінде пайдаланатын дереккөздер мен материалдарға қол жеткізудің жолдарын көрсетуге;
- 8) тәлімгерлерлік топтарын университеттің академиялық адалдық саясатымен таныстыруға;
- 9) ОПК білім алушыларға оқу бағдарламасына сай тапсырма беруге және оқу бағдарламасының талабына сай бағалауға;
- 10) білім алушылардан академиялық адалдықтың және Әдеп Кеңесі ережелерінде көрсетілген қағидаларды сақтауды талап етуге;
- 11) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде жынысына, нәсіліне, ұлтына, діни ұстанымына, әлеуметтік жағдайына қарай бөлектеуге жол бермеуге.

8.4 Білім беруді жүзеге асыратын қызметкерлер мен ОПК құқығы:

- 1) оқыту процесінде өз ойын еркін жеткізуге, ғылыми және оқу ақпараттары мен идеяларды алу-тарату еркіндігіне (заңмен тыйым салынған ақпараттарды таратуға шектеу қойылғандарды қоспағанда);
- 2) білім алушылардың тарапынан заңсыз әрекет жасаған немесе жасаймын деген ойын білдірген кезде шағымдану;
- 3) оқу процесін бағалау барысында жалпыға танылған талаптарды сақтай отырып бағалау.